

Тау-кен техникалық колледжі «Жас маман» жобасы аясында

Колледждің негізгі міндеті жұмыс орнында тез үйренетін, біздің жұмыс берушілерімізге қажет мамандарды сапалы теориялық және практикалық даярлаудан тұрады.

Тау-кен техникалық колледжі – тау-кен және энергетика мамандықтары бойынша сандық инновациялық жабдықтармен жарақталған, заманауи, икемді, инновациялық оқу орны. Студенттердің қолында тиісті мамандық бойынша саланың кәсіпқойлары жұмыс істейтін жабдықтары болған кезде тәжірибе алу мүмкіндігі болғаны өте маңызды, ал егер бұл жабдықтар ең өзекті техникалық жаңалықтардан болса тіпті жақсы.

Жарықтан жылдам уақытпен, тез өзгеретін жабдықтармен, жұмыс берушілердің талаптарымен қатар жүру – біздің басты міндетіміз, сондықтан «Жас маман» жобасына қатысу қажеттілігі маңызды болды.

Қолданыстағы зертханаларды заманауи жабдықтармен жабдықтау жұмыс берушілермен, біздің әлеуметтік серіктестерімізбен келісілді.

«Маркшейдерлік ісі» зертханасы Trimble S7 электрондық тахеометрімен, DJI Phantom 4 PRO V2.0 1112 Geobox ForaPPK геодезиялық квадрокоптерімен, Trimble X7 лазерлік сканерімен толықтырылды, бұл қолданыстағы цифрлық маркшейдерлік жабдықтың қатарын сапалы түрде жақсартты; Delair UX11 пилотсыз ұшу аппаратымен, бұл тау-кен өндіру саласында жоғары дәлдікті аэрофототүсіруді орындауға мүмкіндік беретін саладағы ең өзекті техникалық жаңалықтар; және бүгінгі күні тау-кен өнеркәсібі үшін, тіпті «маркшейдерлік жұмыстардағы жұмысшы» біліктілігі үшін міндетті болып табылатын «Micromine» бағдарламалық жасақтамамен бір мезгілде екі топ студенттерімен жұмыс істей білетін 15 заманауи ноутбуктармен толықтырылды.



Пайдалы қазбаларды байыту зертханасындағы жана жабдық – флотацияның технологиялық процесін басқаруды көрнекі көрсететін флотация процесін имитациялаудың автоматтандырылған стенді; катодты тұнбаны сүзуге арналған зертханалық сүзгі-пресс; гидроциклонды имитациялаудың автоматтандырылған стенді – оның көмегімен минералдық бөлшектердің ірілігі бойынша жіктелуін (бөлінуін) және сусыздануын, сондай-ақ суды қатты қосылыстардан тазартуды сынақтан өткізуге болады, өндірістік циклды толық модельдеуге мүмкіндік берді. Студенттер, болашақ техник-технологтар қазіргі заманғы зертхана жағдайында байытудың күрделі процесін зерделеуге және кәсіпорынға нақты өндірістік жағдайларға неғұрлым дайын болуға мүмкіндік алды. Жұмыс берушілердің бүгін сұранысына жауап береді.

Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары зертханасы жобаға қатысудың арқасында заңнамалық ұйғарымдарға сәйкес қауіпсіздік тізбегінің жұмыс істеу принципі мен әрекетін көрсету үшін бу қазандығыны имитациясын жүргізуге мүмкіндік беретін; термодинамикалық процестерді зерттейтін; жабық жылыту жүйесін зерттеу және талдайтын 7 оқу зертханалық стендімен жабдықталған. «ЖЭО қазандық жабдықтарын қараушы тренажеры», «Жылу техникалық жабдықтарын жөндеу және диагностикалау», «ЖЭО турбиналық жабдықтарын қараушы тренажеры» үш виртуалды стенд нақты өндірістік процесті модельдейді және студенттерді өндірістік практикадан сапалы өтуге жақсы дайындауға мүмкіндік береді.



Ағымдағы жылы Тау-кен техникалық колледжі тау-кен және энергетика саласының мамандарын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін партитуру үшін құзыреттер орталығына айналады.

Колледж ұжымы жұмыс берушілермен бірлесіп тау-кен және энергетика саласы мамандарының еңбек функцияларын талдау бойынша жұмыс жүргізді. Кәсіби құзыреттер мен модульдердің Тізбесі қалыптастырылып, оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары әзірленді.

Әлеуметтік серіктестер колледждің арнайы пәндер оқытушыларымен тығыз қарым-қатынаста құзыреттілік орталығын дамытудың одан әрі векторын құрады.

Колледждің әлеуметтік серіктестері: «Алтаналмас АК» АК, «Өркен» ЖШС, «Степногорск ЖЭО» ЖШС. Жыл сайын колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері үшін кәсіпорында біліктілікті арттыру және тағылымдамалардан өту ұйымдастырылады.

Заманауи цифрлық жабдықта оқыту - біздің түлегіміздің сұранысқа ие білікті маман болып қалыптасу жолын қысқартады.